



ӨОЖ: 347

ШЕТЕЛ АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

В. Б. Тапакова, ізденуші

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Бұл мақалада шетел азаматтық құқықтарының негізгі ерекшеліктері мен мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ, Франция, Германия, Англия, АҚШ, Жапония, ТМД елдерінің азаматтық заңдарына ерекше мән беріле отырып, шетел мемлекеттеріндегі азаматтық құқықтың негізгі институттарының және заңды тұлға туралы, банкроттық туралы мазмұнын ашуға толықтай септігін тигізеді.

В этой статье рассматриваются основные особенности и проблемы зарубежных гражданских прав. В странах СНГ уделяется большое внимание особенностям, закона о гражданстве, о содержание банкротстве, и в том числе во Франции, в Германии, в Англии, в США и в Японии.

Main particulars and problems of foreign civil law are considered in this article sauboliniz. Countrjes of cis pay attention for peculiarity of civil rights, maintenance of bankruapicy including France, Germany, England, USA, and Japan.

Құқық пен заң шығарушылық адамзат мәдени мұрасының ажырамас бөлігі, сондықтан да басқа халықтар мен мемлекеттердің тарихи тәжірибесіне зерделей қараудың еліміздің құқық жүйесі үшін маңызы өте зор. Демек, мемлекетіміздің сыртқы байланысының дами түсуіне орай шетел азаматтық құқығын білудің әрбір заңгер үшін де, кез-келген жеке тұлға үшін және цивилистер үшін де маңызы өте зор.

Маман-цивилист шетел азаматтық құқығымен қоса халықаралық жеке құқықты да оқып-үйренуі керек.

Халықаралық жеке құқық дегеніміз мемлекеттің жеке ішкі заңдарын, халықаралық шарттар мен әдет-ғұрып нормалары мен біріктіретін кешенді құқық жүйе болып табылады. Бұл жүйе коллизиялық – құқықтық және материалдық құқықтық әдістемелерге сүйене отырып, халықаралық сипаты бар қатынастарды, яғни мүліктік және мүліктік емес өзіндік қатынастарды реттейді [1].

Осы құқықтың аясында Қазақстанның барлық аумағындағы шетелдік заңды тұлғалардың құқық қабілеттілігі, әрекет қабілеттілігі, шетелдік азаматтардың Қазақстанның аумағындағы мүлікке құқық меншігі, сыртқы мәмілелерін жасаудың шарты мен тәртібі, интеллектуалдық меншікке шетелдіктердің құқығын қорғау, Қазақстан азаматтарының шетелдегі өнертабыс құқығын қорғау, шетелдіктермен некеге тұрудың ұйымдық-құқықтық нысандарын жасау және т.б. жатады.

Бүгінгі таңда әлемдегі әрбір мемлекеттің өзіне тән құқық жүйесі бар. Француз ғалымы Рене Давид азаматтық құқыққа мынадай анықтамасын берген: Нағыз құқық-жеке құқық болып қала береді, заңгерді қалыптастыру тек азаматтық құқықты оқып-үйрену арқылы ғана болуы мүмкін [2].

Арнайы әдебиеттерде азаматтық-құқықтық жүйені бір-бірінен ажыратуға көмектесетін мынадай элементтер келтірілген: 1) құқық дерекнамасының құрамы мен ара салмағы, 2) азаматтық құқықтың құрылымы (мәселен, тұлғалар, заттық құқық, міндеттемелік құқық, отбасы және мұрагерлік құқық), 3) құқық қолдану тәжірибесі (сот, конституция, әкімшілік және т.б.) 4) құқыққа қатысты орныққан пікірлердің (доктрина) жиынтығы және оны тәжірибеде қолдану [3].

Шет елдердің азаматтық құқығында азаматтың кәсіпкерлікпен немесе өзге де шаруашылықтармен айналысуына болатындығы айтылған. Мәселен, Франция акционерлік қоғамы үкіметтің белсенді араласуы мен дамиды. Құқығы институционалды жүйеге бағындырылған. Ал, Германияда акционерлік қоғамдары қатаң автономиялы реттеу жолымен жүргізу және оны тәртіптеу пандекттік жүйеге енгізілген.

Шарт еркіндігі принципі азамат және сауда айналымына қатысушылардың шарттың қандай болмасын тәртібін өздері келісіп шешетіндігіне негізделген болатын. Демек, Француз азаматтық құқығының нормативтік негізін оның азаматтық кодексі (Наполеон кодексі деп те атайды) құрайды. 1807 жылы қабылданған Сауда кодексі Францияда әлі күнге дейін қолданылып келеді. Онда Жалпы сауда, теңіз саудасы, дәрменсіздікті сотпен реттеу және оны ақтау, сауда, юрисдикция туралы айтылған. Англияда әлі күнге дейін не азаматтық кодекс, не сауда кодексі жоқ.

Англияның құқығын Сату туралы (1979 ж.), Талап қою (1980 ж.), Компаниялар туралы (1985 ж.) және т.б. заңдар құрайды. АҚШ азаматтық құқығының негіздеріне келетін болсақ, оның да өзіндік ерекшеліктері бар. Біріншіден, АҚШ-та азаматтық және сауда құқығының екі жүйесі-штаттық және федеративтік жүйе болып қалыптасқан. Екіншіден, америка сотына заңдар мен қаулылардың түсінілуіне ғана құқық беріліп қоймаған, сонымен бірге оның федеративтік немесе штаттық конституциясына қарама-қайшылығын мойындату құқығы да берілген.

Кодификациялық құжат Бірінғай сауда кодексі болып табылады, сол арқылы сауда айналымындағы қатынастар реттеледі. Жапония азаматтық кодексі 1898 жылы күшіне енді, ол ауқымды нормативтік құжаттардан тұрады, оған істер қатарына байланысты маңызды заң ережелері де енгізілген. Кодекс құнды қағаздарға заңды тұлғалардың құқықтық мәртебесіне және т. б. қатысты көптеген ережелерді реттейді. Сондай-ақ, Қытай еліне келіп тоқталатын болсақ, Қытайда азаматтық кодекс әлі жоқ. 1982 жылы Азаматтық кодекстің төрт нұсқасының жобалары дайындалды, бірақ оның бірде-бірі қабылданбады. Азаматтық кодексінің орнына 1986 жылы 12-сәуірде қабылданған ҚХР-дің Азаматтық құқығының жалпы ережелері қолданылады. Ал, өзіміздің ТМД-ның Парламентаралық ассамблеясы Үлгі азаматтық кодексінің 1994 жылы 29 қазанда бірінші бөлімін, 1995 жылы 13 мамырда екінші бөлімін, 1996 жылы 17 ақпанда үшінші бөлімін қабылдағаны баршаға мәлім. ТМД-ның көптеген елдері өздерінің Азаматтық кодекстерін қабылдады. Бұл орайда егемендік алған елдер жаңа азаматтық кодекстеріне азаматтық құқықтың өзіндік даму жолдарын таңдаған болса керек. Эмансипация,

патронаж, сервитут, бенифициар, шарт еркіндігі, ұстап қалу және т. б. бұл мемлекеттердің Азаматтық кодекстеріне тұңғыш рет енгізілді. Әрине, мұндай жаңалық атаулының бәрі де жан-жақты ой елегінен өткізуді өзгелерден үйренуді және оны дұрыс қолдана білуді талап етеді.

Қазіргі таңда ТМД елдерінде азаматтық заңдардың жиынтығын құрайтын көптеген заң-нормативтік құжаттар қабылдады. Бірақ, азаматтық кодекс бұл елдердің азаматтық заңдарының темір қазығы болып табылады. Сондай-ақ көптеген елдердің заңдарында толық көлемде әрекет қабілеттілігіне азамат кәмелетке толғаннан кейін ие болатындығы жазылған. Мысалы, Германияда 18 жасқа толған соң, Швейцарияда 20 жасқа, ал АҚШ-та 18 бен 21 жас аралығында ие болады және сот пікірі бойынша азаматтық құқық қабілеттілігін жоюға жол берілмейді. Жеке тұлғаның құқық қабілеттілігі тек қайтыс болуымен немесе заңда белгіленген мерзім бойынша хабар-ошарсыз кеткеніне немесе өлді деп жариялануына байланысты тоқтатылады. Мысалы, кейбір елдерде ол хабар-ошарсыз кетуіне орай сот шешімімен жарияланған соң тоқтатылады. Айталық, Францияда әлі күнге дейін адам қанша уақыт бойы хабар-ошарсыз кетсе де, өлді деп жариялауға рұқсат етілмейді, тек тұлғаның хабар-ошарсыз кеткені туралы хабарлауға ғана құқық берілген. Ал, Германия азаматтық құқығы бойынша хабар-ошарсыз кеткен адамды он жылдан кейін ғана өлді деп жариялауға болады. Бірақ ондай адам 25 жасқа толуы керек, ал жасы 80-ге толған адам жоғалса, оны өлді деп жариялау 5 жыл өткен соң жүзеге асады.

Заңды тұлғаға келіп тоқталатын болсақ, Заңды тұлға деп өз атынан мүліктік құқықтар мен міндеттерді еншілейтін, оның құрамына кіретін тұлғалардан тәуелсіз өзі жауап беретін тұлғаны айтамыз. Заңда жария заңды құқық тұлғасы және жеке заңды тұлғасы деп бөлінеді. Жария заңды тұлғаның ерекшелігі: а) алға қойылған мақсаттарының жария түрде сипаты болады; ә) билік өкілеттігі болуы; б) мүшеліктің ерекшелігі.

Жария заңды тұлғаларына мемлекет, әкімшілік-аумақтық бөлініс, мемлекеттік мекемелер, сауда және өнеркәсіп палаталары, мемлекеттік және қазыналық кәсіпорындар жатады.

Жеке заңды тұлғаларға, жеке заңды тұлғаның қалауына орай азаматтық-құқықтық құжаттар мен әрекет етуге құрылған ұжымдық құрылымдар жатады. Мысалы, Германия құқығында заңды тұлға одаққа және мекемеге бөлінеді, Францияда заңды тұлғалардың негізгі түрлері-серіктестік пен ассоциация, ал Англияда заңды тұлға ең алдымен тұлғалардың басын біріктіретін корпорациялар және дербес түрінде болады. Англия құқығына мекеме деген ұғым мәлім емес, ал ФРГ, Швейцария құқығында мекемеге үлкен мән беріледі, әсіресе, сенімгерлік меншік институтын кеңінен пайдаланады. АҚШ заңды тұлғаларды корпорация мен мекемелерге бөлуді мойындамайды. Мысалы, штаттар мен федералды заңдарды заңды тұлғаның құқықтық режимін, әдетте, қоғамдық қызметінің сипатына тәуелді етіп қояды. Заңды тұлғалар онда: а) жария (үкіметтік); ә) кәсіпкерлік емес; б) кәсіпкерлік деп бөлінеді. Заттық құқықтың негізгі институты жеке меншік құқығы болып табылады. Меншік дегеніміз тек адамның объектіге, адамның табиғатқа қатысы ретінде көрінеді. Германияның азаматтық заңдар жинағының 544-бабына сәйкес пайдалануға заңмен немесе регламентпен тыйым салынбайтын болса, мейлінше абсолюттік мәнділігі затқа

қолданылатын және оған жүретін құқық меншікті білдіреді. Бұл меншік тұжырымы Ұлы Француз революциясы ұсынған принципке негізделген, меншік те бостандық сияқты адамның ажырамас құқығы деп есептеледі. Меншік иесінің өз мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету өкілеттілігі заңдастырылса керек. Дамыған елдердегі банкрот болу туралы заңдарды білу бізге өте қажет, себебі экономикамыз үшін бұл проблеманың орны бөлек екені белгілі. Қазіргі кезде Батыстың заңдары дәрменсіздік деген терминді қолданады. Мысалы, Англия тек тиісті соттың шешімі болса ғана жеке тұлғаны банкрот деп таниды.

Банкроттықты реттеуде құқық жүйелерінің өзіндік ерекшеліктері болады. Мәселен, несие берушінің мүддесі ағылшын құқығында өте мықты қорғалады. Сондықтан да банкроттықты оңалту рәсімдері онша көп қолданылмайды, көбінесе мұнда басқару рәсімі енгізілген.

Германия құқығының негізгі ағымы оңалту рәсімін жоққа шығаруға бейім келеді. Бұл елдің заңдары банкротқа ұшыраушыға қарағанда, несие берушінің мүддесін қорғауға баса мән береді. Американдық құқықтық жүйе мүмкін болатын оңалту мақсатымен борышқорлардың мүдделерін көбірек қорғайды, ал француздар кәсіпорындарды оңалтудағы міндетті несие берушінің мүддесіне залал келтіру арқылы жүзеге асырады.

Қазіргі кезеңде Қазақстан жағдайында ұлттық мүдденің және экономиканың даму барысын ескере отырып, экономикалық құрылым ретіндегі борышқор кәсіпорынды қорғауға барынша мән берген тиімді деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Тулеугалиева, Г. И. Гражданское право Республики Казахстан (общая часть) / Г. И. Тулеугалиева – издание второе, доп. с изм. – Алматы : «Фолиант» – 1999.

2. Конституция (Основной закон) Республики Казахстан: офиц. текст – Астана: ИКФ «Фолиант». – 2000.

3. Сулейменов, М. К. Коментарий: Гражданский кодекс Республики Казахстан Алматы / М. К. Сулейменов, Ю. Г. Басин. // Жеті жарғы. – 2000.